

**"Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы № 29-5 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсанда N 36 -7 Шешімі. Тараз қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 қаңтарында 6-1-119 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы мәслихатының 2014 жылғы 28 тамыздағы № 32-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы мәслихатының 28.08.2014 № 32-4 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы № 29-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-1-117 болып тіркелген, 2010 жылдың 23 маусымда № 25 «Жамбыл Тараз» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінің:

4 тармақтағы «15» сандары «10» сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасының жиынтық табысы атаулы әлеуметтік көмек туралы заңнамасымен айқындалған тәртіпте есептеледі»;

6 тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Тұрғын үй көмегін көрсетуге өтініш қабылдау ағымдағы тоқсанның бірінші айының 1-ші күнінен соңғы айының 20-шы күніне дейін жүргізіледі және тоқсанға толығымен тағайындалады, ал ағымдағы тоқсанның 20-шы күнінен кейін түскен өтініштер бойынша тұрғын үй көмегі өтініш иесіне келесі айдың 1-ші күнінен бастап тағайындалады»;

9 тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Жеке тұтыну есептеуіші бойынша пайдаланған коммуналдық қызметтердің нақты сомасы қызметтің сол түрі бойынша бекітілген нормадан аспауы қажет»;

14 тармақтың 2) тармақшасындағы «50» сандары «80» сандарымен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан туындаған қатынастарға т а р а л а д ы .

*Қалалық мәслихаттың  
сессиясының төрағасы  
Қ.Болысбаев*

*Қалалық мәслихат  
хатшысы  
Ө.Байшығашев*